

«Момынай» жалпы білім беретін мектеп »

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2024-2025 оқу жылы

Мектеп кітапханасындағы өткізілген іс-шаралардың мәліметі

Адамның ойын байытып, сауатын жоғарылатып, білім нәрімен сусындататын орта – кітапхана. 2024-2025 оқу жылына 1-11 сынып оқушылары барлық пәндер бойынша 100% оқулықпен қамтылды. 3 сыныптың Цифрлық сауаттылық электронды оқулығы, Русский язык, Еңбекке баулу, Бейнелеу өнері, Ағылшын пәндері тапсырыс берілді. Қыркүйек айында сұраныс берілген оқулықтар және 5-9 сыныптарға Арман ПВ баспасынан Жаһандық құзыреттілік оқулығы, әдістемелік нұсқаулықтары келді. Оқушы континентінің жылдан – жылға артуына байланысты жеткіліксіз оқулықтарға қосымша сұраныс арқылы алынды.

Мектеп кітапханасында жұмыс оқу-тәрбие үрдісі жоспарының талаптарына сәйкес құрылды. Кітапхана қорының есебі бойынша қажетті құжаттамалар жүргізіледі. Оқулықтар мен оқу құралдарын ұқыпты ұстау бойынша әр сыныптан кітап секторлары сайланды.

Кітапхана жұмысының бақылау көрсеткіштері.

Оқырмандар саны-322

Оның ішінде мұғалім-68

Кітап қоры (оқулықтар, әдістемеліктер, көркем әдебиеттер, брошюралар)-
14407

Оқулықтар-9825

Электронды оқулықтар -102

Кітапханаға келімі-3014

Кітаптың берілімі-3578

Кітапхана көлемі -46 шаршы м

Кітап көрмелері :

«Тілім менің-тірегім»

«Бір ел-бір кітап» акциясы аясында «Балалар әдебиетінің бәйтерегі»

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітаппен жарқын өмірге»

Жыл мерейтой иегерлері: «Қанатты қалам иесі». «Кербез Көкшенің –ақиығы Сәкен Сейфуллин»т.б

«Кітап оқу-рухани кемелденудің көзі» т . б

«Оқуға құтар мектеп»жобасы, «Балалар кітапханасы »жобасы аясында атқарылатын жұмыстар және іс-шаралар жоспары түзіліп бекітілді.

1 қыркүйек «Білім күні» мектеп кітапхана фойесінде «Жаңа буын оқулықтары» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: жаңартылған мазмұндағы оқулықтармен таныстырылым жасау.

05.қыркүйек 2024 ж. Қазақстан халықтарының тілдері күні ,аудармашы зертеуші,алаш зиялысы тіл жанашыры ,ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай «Тілім менің-тірегім» иллюстрациялық көрме ,поэтикалық марафон ұйымдастырылды.Мақсаты: оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру,тіл мәртебесін көтеру ,ана тілімізде таза сөйлеу,өз ұлтына,еліне деген сүйіспеншіліктерін ояту.Тіл туралы ақын-жазушылардың нақыл сөздері ,өлеңдері,қызықты фактілері кітап көрмесі іс-шараның мағынасын аша түсті.Іс-шараға 5 «А»,5 «Ә» ,7 сыныптар атсалысты.

<https://www.facebook.com/share/SGxdMvck1MXRHnwA/?mibextid=xfxF2i>

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі С.Байтүгелова мен бірлесе Халық жазушысы,драматург,прозашы Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына «Қанатты қалам иесі»кітап көрмесі және дөңгелек үстел өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/XSpoEGzJNw44ytEU/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/v/QMaFnyrCTZnJe6Lw/?mibextid=xfxF2i>

Кітапхана меңгерушісі :

Ж.Шымыралиева